

# Еселі еңбек маусымы

«Жасыл ел» жастар жасағы өз жұмысын бастады

**«Жасыл ел» еңбек жасағының мақсаты – жастарды жұмыспен қамту және оларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.**

«Жасыл ел» бағдарламасы бүгінге дейін сан мыңдаған жасты еңбекке баулып, қоршаған ортаның көркеюіне септігін тигізіп келеді.

Ауданымызда «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының жаңа маусымы өз жұмысын бастады.

Биылғы жылы еңбек жасағының жұмысы екі айға созылады деп жоспарланып отыр. Екі айдың ішінде жастарымыз көркейтуді, көгалдандыру жұмыстарымен айналысады. Еңбекке 16 мен 29 жас аралығындағы жастар жұмысқа орналаса алады.

Мемлекеттік бағдарламаның арқасында биылғы жылы 30 жұмыссыз жас жұмыспен қамтылып, ауданымыздың көгалдандыру жұмыстарын белсене атқармақшы. «Жаса» қоғамдық қорының басшысы Серік Августавтың айтуынша жастарымыз жұмысқа белсенді және зор ынтамен кіріскен көрінеді.

- Биылғы жылда жасақ жұмысы екі айға созылып, жұмысқа 30 жұмыссыз жас тартылмақшы. Жұмысқа қабылданған жауынгердің жасы 16 мен 29 жас аралығында болуы тиіс. 18 жасқа толмаған жасөспірімдерді ата-анасының рұқсатымен қабылдадық.

Аудандық ішкі саясаттың мемлекеттік тапсырысы аясында жұмыссыз жастар еңбекке араласып, уақыттарын тиімді өткізуде. Атқаратын жұмысты беруші тарап ұсынып,



Жастар жұмысқа белсене кірісті

үлкен нәтижеге қол жеткіземіз деген ойымыз бар. Жұмыс айтарлықтай ауыр емес, барлығы бір үйдің балаларындай жұмыс жасауда,-дейді жасақ басшысы Серік Августбаев.

Биылғы «Жасыл ел» жасағы жұмысының ашылуы да жылдағыдан ерекше өтті. Ашылу салтанатты түрде «Жаса» қоғамдық қорының Коворкинг орталығында өтті. Жастарға үлгі ретінде өткен жылдардың жұмыстары бейне ролик ретінде көрсетілді. Жастарға жұмыстың мақсаты жайлы айтылып, еңбектеріне сәттілік тіленді.

Ашылу жиынына Боровское селосы әкімінің орынбасары Қайрат Қайыбжанов, аудандық Ішкі саясат бөлімінің басшысы Дархан Ахметқалиев қатысып, жастарға

деген үлкен сенімдерін білдірді. Екі айға созылатын ауқымды жұмыстың оңай және қызықты өтуін тіледі.

Екі айға созылатын жұмыстың қызықты да, ауқымды түрде өтетіні анық. Нақты еңбек жоспары бекітілді. Жастарымыз көгалдандыру, гүл суару және орман алқаптарын қоқыстан тазарту жұмысымен айналысатын болады.

- Біз жазғы демалысымызды қызықты және тиімді өткізудеміз. Аудан орталығының көгалдандыру және гүлдену жұмыстарына араласып, туған жеріміздің көркеюіне бір тамшы болса да үлес қосудамыз. Мемлекеттік бағдарламаның арқасында жастарға жұмыс беріліп, жұмыссыз жастар еңбекке араласуда. Еш қиындығы жоқ, қайта

жазғы демалыс қызықты өтуде. Достарымызбен жұмыла кірісіп, еңбек етіп жатырмыз. Алға қойған мақсатымызға бірлесе жетеміз деген ойымыз бар,-деді жасақ мүшесі Татьяна Алимова.

Жыл сайынғы «Жасыл ел» еңбек жасағы осылайша Меңдіқара ауданында өз жұмысын бастады. Жас болса да еңбекке орасан ынтамен кіріскен жастардың атқарар жұмысы жетерлік.

«Жасыл ел» жастар жасағының сарбазы болу – қазіргі таңда үлкен бедел, олай дейтініміз студенттер бос уақыттарында еліне қызмет етіп, туған жерін гүлдендіруге, көгалдандыруға ат салысып жазғы демалыстарын тиімді өткізуде.

Тұрсыннай МҰХТАРҚЫЗЫ